



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ  
СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ  
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

Ф 017-1.62-2017

25.05.2017ж.

Түсу емтиханының бағдарламасы

Бет 1 - 11



«БЕКІТІЛДІ»

ҚР МСМ МК «Темірбек Жүргенов  
атындағы Қазақ ұлттық өнер  
академиясы» РММ

Ғылыми Кеңесінің шешімімен  
27.04.2023 ж. № 11 хаттама

**7M02106- «ТЕАТР РЕЖИССУРАСЫ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
БОЙЫНША МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы, 2023

Бағдарлама 7M02107 – «Актерлік өнер» білім беру бағдарламасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті ЖООК білім беру стандарты негізінде жасалынған.

## 1. ҚҰРАСТЫРЫЛДЫ

**Кажнабиева Б.А.** - Актер шеберлігі және режиссура кафедрасы меңгерушісі м.а., оқытушы;


**Қарамолдаева Д. О.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

**Шанкибаева А.Б.** - Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚҰӨА - ның профессоры;

**Жұман А.Ы.** - Өнертану кандидаты, Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚҰӨА - ның доценті;

## 2. ТАЛҚЫЛАНДЫ


"Актерлік шеберлік және режиссура" кафедрасы мәжілісінде талқыланып, қаралды. № 9 03. 04 . 2023ж.

"Актер шеберлігі және режиссура" кафедрасы меңгерушісі м.а.  Кажнабиева Б.А.

"Музыкалық театр" кафедрасы мәжілісінде талқыланып, қаралды. № 9 03. 04 . 2023ж.

"Музыкалық театр" кафедрасы меңгерушісі  Д. О. Карамолдаева


"Сахна пластикасы және дене тәрбиесі" кафедрасы мәжілісінде талқыланып, қаралды. № 9 03. 04 . 2023ж.


"Сахна пластикасы және дене тәрбиесі" кафедрасының меңгерушісі, профессор  Шанкибаева А.Б.

"Сахна тілі" кафедрасы мәжілісінде талқыланып, қаралды. № 9 03. 04 . 2023ж.

"Сахна тілі" кафедрасының меңгерушісі, ө.к, доцент  Жұман А.Ы.

### 3. КЕЛІСІЛДІ

Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор  Қ.З.Халықов  
« 24 » 04 2023 ж.

ЖОО кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу  
орталығының басшысы  А.А.Кульшанова  
« 24 » 04 2023 ж.

ЖОО кейінгі білім беру бөлімінің басшысы  
орталығының басшысы  Ж.А.Тлеулинова  
« 24 » 04 2023 ж.

## МАЗМҮНІ

Кіріспе

1. Даярлау бағыттарының жалпы сипаттамасы
2. Магистратураға түсушілерге қойылатын талаптар
3. Емтихан құрамына кіргізілген пәндер тізімі
4. Мамандық пәндер бағдарламасының қысқаша мазмұны
5. Емтихан сұрақтарының тізімі
6. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

## Кіріспе

7M02106- «Театр режиссурасы» - мамандандыруы бойынша магистратураға түсу емтиханының міндеті - магистранттардың кәсіби-педагогикалық деңгейін тексеру.

Магистранттар емтиханда өздерінің білімінің толық екенін көрсету үшін мынандай міндеттерді көрсету қажет:

1. Бакалавр түлегінің негізі кәсіби дайындық нәтижесінде, заманауи ақпараттық технологияларды білуі, заманауи тәжірибелік мәселелерді тұжырымдай және шеше білуі;
2. Актерлік өнер мамандығының әдіснамалық және теориялық аспектілеріндегі сұрақтарын қарастыру;

### 1. Даярлау бағыттарының жалпы сипаттамасы

7M02106- «Театр режиссурасы» - мамандандыруы бойынша магистранттары білім бағдарламасының мақсаты мен міндеті жоғары қабілетті маманның жаңа құрылымын, білімнің фундаменталдығын меңгеру, инновациялық әрекет, ЖОО-да, білім басқару ұйымында, өнер ұжымында кәсіби-практикалық, ғылыми-өнер ұжымының зерттеу дағдыларын қалыптастыру бағыты бойынша дайындайды.

7M02106- «Театр режиссурасы» - мамандандыруы бойынша бітіруші магистранттары ғылыми және педагогикалық дайындықта келесі кәсіби қызметін орындауға мүмкіндіктері бар:

- педагогикалық (орта кәсіби оқу орындарының оқытушылары);
- шығармашылық (мәдениет және өнер мекемелері мамандары);
- режиссура, өнер саласындағы менеджмент.

2. Магистратураға түсушілерге қойылатын 7M02106- «Театр режиссурасы» - мамандандыруы бойынша магистрі ғылыми және педагогикалық дайындықта орындауға міндетті:

#### Білу қажет:

- режиссер мен актер шығармашылығының терең ғылыми негізі болып табылатын К.С.Станиславскийдің жүйесі мен В.И.Немирович-Данченконың теориялық мұраларын;
- режиссура мамандығының теориялық негіздерін; өзінің болашақ мамандығының мақсатын, міндетін, мазмұнын, үлгісін (форма) жұмыс әдістемесін білуі;
- актер шеберлігінің әртүрлі мектебінің ерекшелігін, драматургиядағы жанр мен стилдің міндетін;
- актер шеберлігінің негізгі элементтері; режиссерлік жаттығулар, эподтар, пьесалардың көрінісі мен акттарын қою;
- пьесаны режиссерлік талдау;
- режиссерлік түпкі ой мен қойылымдық жоспарды жасау; суретші, композитор және балетмейстермен жұмыс;
- сахналық бейнемен жұмыс істеудің әдістемесі;

- әдеби нұсқамен жұмыс істеудің әдістемесі, көркемдік оқылымға арналған олеңдердің теориялық негізі;

**Қабілетті:**

- көркем шығармалардың аралас түрлеріне арналған әдебиеттерден өзіндік өнердің ерекшелігіне қажеттісін таңдай білуі;
- сахналық бейнемен жұмыс барысында өнертуындысымен әдебиетке шығармашылық талдау әдістемесін игеру;
- мамандыққа сай сахналық өнердің әртүрлі әдістемелерін игере отырып, кәсіби жұмысында актерлік шеберліктің негіздерін қолдану;
- шығармашылық ұжыммен жұмыс барысында ортақ көркемдік шешімнің шеңберінде кәсіби біліктілігін қолдану (өзге орындаушылармен, режиссермен, суретшімен, балетмейстермен, концертмейстермен және т.б. мамандықтарына байланысты);
- болмысты көркемдік-сезіммен, бейнелі ойлаумен қабылдауын дамыта білу; мамандыққа сай көркемдік бейнені актерлік тәсілдермен жасау;
- режиссерлік шешімнің негізінде өз бетінше сахналық бейнемен жұмыс барысының әдістерін меңгеру (партитура, жеке номерлер-мамандыққа байланысты);
- кәсіби жұмысында сахналық қойылымның шарттарына сай, көрермендермен қарым-қатынас жасаудың тәсілдері;
- студиялық жұмыстың тәсілдерін қолдану;
- тәжірибеде дене мүшелерінің мүмкіндігін (пластика, икемділік, күш, жылдамдық, координация, би, әсемділік), музыкалық қабілеті, ырғақты сезіну, әншілік ерекшеліктерін қолдану;
- кәсіби деңгейде қойылған сөз сөйлеу тәсілін қолдану, сөз өнерін ұлттық мәдениетіміздің жетістігі ретінде меңгеру.

**Құзырлықта болу:** нақты өнер туындысымен көркемдік процестерді талдай білуі; кәсіби қызметінде театрлану әдебиеттерін қолдана білуі; көркемдік шығарманың әртүрлі режиссерлік шешімдерді (интерпретация) салыстырмалы түрде талдауы; дауыс екінімен және ырғағын меңгеруі, жалғыз дауысқа арналған қарапайым ноталарды партитурадан оқи білуі, музыка элементтерін есту арқылы анықтау; кәсіби жұмысында акпараттық технологияны меңгеру; спектакль құрылымының барлық күрделі комплексін меңгеріп оқу; болашақ қойылымының бейнелі көрілімін, пьесаның әрекетке, мизансценаларға, ырғаққа айналуын спектакльдің сахналық формаларының барлық элементтерін дамыту; режиссураның кәсіби негізін — түпкі ойдың бірлігі мен оның нақты көркем кейіптелуін игеру; спектакль шешіміндегі сан қилы көркем тәсілдерді меңгеру; өзінің шығармашылық қиялын дамытуға; өзінің көркемдік талғамын тәрбиелеу; өзінің сахналық мәдениетін дамытуға және көтеру;

**3. Емтихан құрамына кіргізілген пәндер тізімі**

«Режиссура»  
«Актер шеберлігі»  
«Сахна тілі»

#### **4.Мамандық пәндер бағдарламасының қысқаша мазмұны**

##### **«Режиссура»**

Режиссураға кіріспе. Қоғам өміріндегі театрдың ролі. Театр өнерінің ерекшеліктері. Драматургия. Басты міндет. Өзекті әрекет. Тақырып. Конфликт. Режиссураның негізін игеру. Этюдтармен жұмыс. Режиссердің өзіне тән қабілеттері мен дағдыларын дамытумен жұмыс. Режиссерлік ой. Актер. Режиссердің актермен жұмыс істеу принципі. Режиссер, оның шығармашылық процестегі маңызы. Іс-әрекет. Пьесаны талдау. Өзекті әрекет. Театрдың көркемдік құралдары. Бейнелеу өнері шығармаларының тақырыптарына этюдтер. Көркем әдебиеттер шығармалары негізіндегі этюдтер. Пьесаны режиссерлік талдау. Драматургиялық материалдармен жұмыс. «Актер шеберлігі» курсы бойынша ассистенттік жұмыс. Пьесаны режиссерлік талдау. Конфликтіні басты оқиғаларды, жанама әрекеттер мен атмосферасын анықтау. Прозалық шығармалар мен поэзиялардың инсценировкаларымен жұмыс жасау. Өзбетіншілік үзінділермен жұмыс жасау. Отандық және әлемдік театрлардың көрнекті режиссерлерінің шығармашылық мұрасы. Драмалық шығармалар мен инсценировкалардың үзінділермен өзіндік жұмыс. Спектакльдің қойылымдық жоспары. Әдеби шығарманың сахналық-театрлық спектакльге айналу кезеңдері. Драмалық шығармалардан үзінділер қоядағы өзіндік жұмысы. Спектакльдің қойылымдық жоспары бойынша жазылған жазбаша жұмысы. Декорациялардың эскиздері. Спектакльді музыкамен жарықпен көркемдеу. В.И.Немирович-Данченконың спектакльді қабылдаудың үш түрлі ілімі: Өлеуметтік, өмірлік, театрлық. Театрдағы ұйымдастырушылық-шығармашылық жұмыстардың принциптері. Режиссер қызметінің этикалық жақтары. Қойылымның үзінділермен өзіндік жұмыс.

##### **«Актер шеберлігі»**

Театр өнерінің заманауи талаптарына сәйкес кәсіби актерді дайындау. «Актер шеберлігі» базалық және кәсіби цикл пәндерімен сахна тілі, сахна қозғалысы, би, вокал т.б пәндермен тығыз байланысты. «Актер шеберлігінің» негізгі мақсаты студентті сахнада табиғи әрекет жасауға баулиды, К.С.Станиславский жүйесімен актер шеберлігінің техникасының негізін дамытады. «Актер шеберлігі» бәрі сұхбаттардан және «Егер де мен...» ұсынылған жағдайындағы табиғи әрекеттерінің әліпшелерін тәжірибелік сабақтарда меңгерумен басталады. К.С.Станиславский және В.И. Немирович-Данченко «Актер шеберлігі» ғылымы драм.театр актерді дайындау

теориялық және әдістемелік негізі болып келеді. Қабылдау. Сахналық зейін. Бұлшық етті босансыту. Елестету. Өзара әрекеттестік. Суырыпсалмалық. Психологиялық еркіндік. Суырыпсалмалық қасиеті. (Импровизационное самочувствие). Дене сымбатына арналған әуенді жаттығу. Этюдтар. Жұмыс жасау дағдысын бақылау. Физикалық сезімді бақылау. Мінез-құлық қабылдауын бақылау. Бақылауға арналған этюдтар. Ұсыналған тосын жағдай. Оқиғаға құрылған этюдтар. Ішкі монолог. Қақтығысқа құрылған этюдтар және партнерге әсер ету. Әрекет және қарсы әрекет. Табиғат қақтығысы. Этюдтегі сөз. Ойдан құрылған этюдтар. Картина желісі бойынша құрылған этюд. Әдеби шығарма мазмұны бойынша алынған этюдтар. Музыкалық тақырыптағы этюдтар. Топтық этюдтар. Автордың өмірбаяны. Драматургиялық шығарманы зерттеу. Әрекет арқылы талдау негіздері. Ұсынылған тосын жағдай. Сөз әрекеті. Автордың стилистикасы.

#### «Сахна тілі»

Сахна тілі - болашақ өнер саласы мамандарының табиғи сөйлеу және дауыс мүмкіндіктерін жетілдіріп дамыту; жанрлық және стильдік жағынан өзгеше әдеби шығармаларды талдау арқылы бейнелі ойлау қабілеттерін қалыптастыру; Меңгерілген тіл техникасы арқылы қазақ тілі заңдылығын сақтай отырып, оқылатын мәтінді тыңдаушы – көрермен қауымға толық жеткізуге әрекеттену. Дем мен дауыс. Дикция. Орфоэпиялық заңдылықтар. Мәтінді қисынды талдау. Тыныс тұрақтылығы, дауыс еркіндігі. Тіл тазалығы. Өлең оқу ерекшеліктері. Бірнеше оқиғаларға құрылған мәтінді талдау. Тыныс күші. Дауыс ауқымдылығы. Әдеби тіл нормалары. Монологпен жұмыс істеу ерекшеліктері.

### 5. Емтихан сұрақтарының тізімі

#### «Режиссура»

1. Режиссер үшін мизансцена деген не? Мизансцена түрлері?
2. Драматургиядағы тартыс табиғаты. Режиссердің шығармашылық қиялы?
3. Бейнелеу өнері және режиссер?
4. Жанр және стиль?
5. Оқиғалар желісі.
6. Композициялық құрылым.
7. Физикалық іс-әрекетті талдау – әрекет арқылы талдаудың басты құрылымы?
8. Режиссерлік экспликация.
9. Басты оқиға. Қақтығыс. Атмосфера және әрекет легі?
10. М.Чехов: спектакльдің үш бірлігі.
11. Спектакльдің идеялық - көркемдік тұтастығы.
12. Спектакльдің көркемдік шешімі.
13. Режиссер шығармашылығындағы репетицияның ролі.
14. Театр өнерінің басты ерекшеліктері.



15. Драматургия - театр өнерінің діңгегі.
16. Режиссердің актермен жұмысы.
17. Режиссердің инсценировкамен жұмысы.
18. Спектакльдің қойылым жоспары.
19. В.И.Немирович-Данченконың спектакль қойылымындағы үш бірлігі?
20. Режиссердің драматургпен, суретшімен, композитормен және концертмейстермен жұмысы.
21. Театр шығармашылығын ұйымдастырудағы принциптер.
22. Режиссердің жұмысындағы этикалық бейнесі.
23. Режиссер-үстаз.
24. Режиссура және сахналық эффектілер.
25. Әлемдік режиссура өкілдері. (П. Штайн, П. Брук, Е. Гратовский, и.т.д).

### «Актер шеберлігі»

1. Театр өнерін неге біз ұжымдық өнер деп есептейміз?
2. Спектакльдің оқиғалар легі? Рольдің оқиғалар легі?
3. Қойылымның әрекет арқауы? Рольдің әрекет арқауы?
4. Бағалау процессі дегеніміз не? Бағалаулар тізбегі. Қарым-қатынас дегеніміз не? Бұл элементтер ненің құрамына кіреді?
5. Актер шығармашылығындағы мақсат және түпкі мақсаттың маңызы?
6. Әрекет және кері әрекет.
7. Ұсынылған шартты жағдайдың анықтамасы.
8. К.С.Станиславский: актердің өзіндік жұмысы.
9. Сөз астары және екінші план.
10. Зейіннің түрлері.
11. Рольдің пластикалық шешімі. Биомеханика.
12. Психикалық және физикалық әрекет, олардың айырмашылығы.
13. Сахналық бейненің өмірбаяны мен мінез-құлқы қалай жасалады?
14. Мизансцена ұғымы және оның түрлері.
15. Диалогтың, монологтың және паузаның қойылымдағы міндеттері.
16. Әрекет арқылы талдау тәсілі және оның актер шығармашылығындағы маңызы.
17. Бастапқы оқиғаның маңызы.
18. "Өзіңнен бейнеге, бейнеден өзіме" деген ұғымды қалай түсінесіз?
19. Драмалық шығарманың жанрын анықтау: Автор? Режиссер?
20. Әрекет пен қарым-қатынасты жеткізудің тәсілдері.
20. Әрекет пен қарым-қатынасты жеткізудің тәсілдері.
21. Сахналық бейне және қойылымның атмосферасы.
22. Актерлік өнердегі «Сезім шындығы» мен «форманың» байланысы. Іс-әрекеттер тізбегі.
23. Рольдің өрістеуі.
24. Рольдің логикасы және іс-әрекеті.
25. Болашақ актерға демнің мәні мен маңызы

## «Сахна тілі»

1. Сахна тілі. Оның негізгі ерекшеліктері
2. Қазақ театрындағы тіл өнерінің тууы және қалыптасуы
3. Тыныс алу қанша түрге бөлінеді?
4. Қалыпты тыныс алу үшін қандай жаттығулар жасау керек?
5. Қалыпты тыныс алуға машықтандыру үшін қандай мәтіндерді қолдану қажет?
6. Дикциямен жұмыс істеуді қалай ұқтырасыз?
7. Болашақ актерға демнің мәні мен маңызы
8. Сөйлеу аппаратының құрлысы және жұмысының негізгі принциптері
9. Сөйлеу техникасын қалай меңгеруге болады?
10. Қазақ тілінің дауысты, дауыссыз дыбыстарын сахнада дұрыс дыбыстау үшін не істеу қажет?
11. Орфография дегеніміз не?
12. Орфоэпия дегеніміз не?
13. Қазақ тіліндегі фольклорлық мәтіндерді пайдалану ерекшеліктері
14. Кідіріс, және оның түрлері
15. Регистр түрлері
16. Актер дауысының мүмкіндігін қалай дамытуға болады?
17. Монолог деген не?
18. Ақ өлең дегеніміз не?
19. Ақ өлеңнің ерекшеліктері деген не?
20. Өлең оқудағы ырғақ пен ұйқастың түрлері
21. Өлең яғни поэзия оның оқу ерекшеліктері
22. Эпостармен жыраулардың оқудың актер шығармашылығына ықпалы?
23. Сөз астары қайдан пайда болады?
24. Тактіге бөліп сөйлеу деген не?
25. Дауысты және сөз сөйлеуді дамыту жолдары.

## 6. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

1. Станиславский К.С. «Собрание сочинений» в 8-ми томах.
2. Немирович–Данченко Вл.И. «О творчестве актера»: Хрестоматия (любое издание).
3. Кнебель М.О. «О действенном анализе пьесы и роли».
4. Кнебель М.О. «Поэзия педагогики». М., 2004г.
5. Кристи Г.В. «Работа Станиславского в оперном театре».
6. Кристи Г.В. «Воспитание актера школы Станиславского». М., 2008
7. Захава Б.Е. «Мастерство актера и режиссера». М., 2008г.
8. Покровский Б.А. «Об оперной режиссуре». М.,
9. Янковский М.О. «Искусство оперетты». М., 2002г.
10. М.А.Соснова «Искусство актера» М., 2008г.
11. Немирович–Данченко Вл.И. «Избранные письма. В 2 томах.
12. М.М.Буткеевич. «К игровому театру» в 2 томах М. «ГИТИС»

13. О.Мальцева. «Юрий Любимов. Режиссерский метод»
14. Мастерство режиссера Учебное пособия М., 2002 г.
15. М.Чехов «Тайны актерского мастерства» М.,2009 г
16. Ю.Рыбалкин. «Г.А.Товстоногов. Проблемы режиссуры»
17. Байсерке М.Б. «Сахна және актер». Ана тілі. 1993ж.
18. Ә.С.Рахимов. «Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін» «Тарих тағылымы» 2010ж.
19. Ә.С.Рахимов. «Режиссер шеберлігі» КазНАИ 2015ж.
20. К.Молтобарова «Режиссер Мәмбетов феномені», «Қазығұрт» 2011ж.
21. Эфрос Л. «Репетиция – любовь моя». М., 2005г.
22. Кадыров А.Н. “Театр и время”. Казахстан. 1988.
- Шалыпин У.И. “Сборник статей”. В 3-х томах. М.,
21. Р.Сыздыкова Сөз құдіреті», Алматы, 1997
22. Б.Адамбаев «Қазақтың шешендік өнері» Жазушы,1984
- 23.Ж.Дәуренбаев «Сөз киесі» Ана тілі 1996
- 24.С.А.Қасқабасов «Ел қазынасы ескі сөз» Ғылым, 1994
- 25.Негимов С. Шешендік өнер.- Алматы: Ана тілі, 1997.
- 26.Адамбаева Б. Алтын сандық.- Алматы: Жазушы, 1989.- 195б.